

# **СӘКЕН ЖИҒАН**


## **Қазақтың ескі әдебиет нұсқаларындағы**

### **БҰҚАР ЖЫРАУ ТОЛҒАУЛАРЫ**

Сол кездегі кеңбайтақ қазақ жеріндегі бір де бірегей "Қазақстан" баспасынан 1931 жылы яғни осыдан АЛПЫС жылдан астам бұрын қазақ халқының классик ақыны Сәкен Сейфоллаұлының жинап құрастыруымен "Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары" деген атпен екі кітап шығарылғандығын, алайда ол кітаптардың ұлы жазушы-ақынымыздың қаламынан туған басқа да кітаптары сияқты отызыншы жылдардың соңына қарай сол бір заманның жөн-жобасыз жолсыздықтары салдарынан "тұтқынға" алынып, қалың оқырман қауымның оқуынан алып тасталғандығын, демек, қырқыншы жылдардағы қазақ оқырмандарынан бастап "Қазақтың ескі әдебиет нұсқаларымен" танысу мүмкіндігінен айрылып қалғандығын жақсы білеміз. Ал, бұл кітап қазіргі қазақ оқырмандарына қаншалықты қолына шырақ алып іздесе де түспейтіні баршаға аян. Оның баспа жүзінен енді қайтып жарық көруі де неғайбыл.

Осы кітаптың кезінде Санкт-Петербург (бұрынғы Ленинград) қаласының Салтыков-Щедрин атындағы көпшілік кітапханасына түсіп, бүгінде жақсы қалыпта сақталып қалып отырған жалғыз данасынан қарқаралылық қаламгер, зерттеуші-ғалым Рамазан Сағымбекұлы жасатып алған ксерокөшірмесі арқылы бүгінгі әрпімізге түсірілген нұсқасы бойынша Бұқар жырау Қалқаманұлына (1668-1781) арналған тарауын ешбір өзгеріс, қысқартулар жасамастан, әмбебап дауылпазымыз Сәкеннің редакциялап, дайындаған қалпында жариялап отырмыз.

## АСАН ҚАЙҒЫНЫҢ СӨЗІ ТУРАЛЫ БҰҚАР ЖЫРАУДЫҢ АЙТҚАНЫ



Асан Қайғы өз Жәнібектің замандасы, Майқы бидің немересі дейді. Екінші бір мағлұматқа қарағанда, Орманбет ханның жақындарынан деп айтады.

Абылай хан бір жиылыста ат үстінде тұрып Бұқар жыраудың сұрапты:

— Асан атаның: «Қилы-қилы заман болды, қарағай басын шортан шалды», — деген мақалының мәнісі не? — деп сұрағанда, би атының басын бұрып, қырын қарап, қамшыны ердің басына салып:

— Ай-й-й хан! Бұл сөзді сен сұрамасаң керек еді, мен айтпасам керек еді, — деп мынаны айтқан екен:

Ханға жауап айтпасам,  
Ханның көңілі қалады.  
Қандыра жауап сөйлесем,  
Халқым не деп айтады?  
Хан Абылай, Абылай,  
Қайғылы мұндай хабарды  
Сұрамасаң не етеді?  
Сұраған соң айтпасам

Кісілігім кетеді.

Енді айтайын тыңдасаң,  
Маған қаһар қылмасаң:  
Қарағай — судан қашып,  
Шөлге біткен бір дарақ,  
Шортан суға шыдамсыз,  
Балықтан шыққан бір қарақ.  
Ойлама шортан ұшпас деп,  
Қарағайға шықпас деп...  
Күн батыстан бір дұшпан,  
Ақырға шығар сол тұстан.  
Өзі сары, көзі көк,  
Бастығының аты боп,  
Күн шығысқа қарайды,  
Шашын алмай тарайды,  
Құдайды білмес діні жоқ,  
Жамандықта міні жоқ,  
Осы сынды бір көпір,  
Аузы-басы жүн көпір,  
Жаяулап келер жұртына.  
Жағалы шекпен кигізіп,  
Балды май жағар мұртыңа,  
Жебірлерге жеп беріп,  
Ел қамын айтқан жақсыны  
Сөйлетпей ұрар ұртына!  
Бауыздамай ішер қаныңды,  
Өлтірмей алар даныңды,  
Қағазға жазар малыңды,  
Есепке салар барыңды,  
Еліңді алар қолыңнан,  
Өскер қылар ұлыңнан.  
Теңсізді төрге шығарып,  
Басыңа ол күн туғанда  
Теңдік тимес қолыңа!  
Бұл айтқан сөз, Абылай,  
Болмай қалмас артыңнан,  
Естісең, міне, қартыңнан!

Тағы да сол Бұқар жырау сөздері

— Бірінші тілек тілеңіз:  
Шұғыл пасық залымның  
Тіліне еріп азбасқа.  
Екінші тілек тілеңіз:  
Алпыс басты ақ орда,  
Ардақтаған аяулың,  
Өзіңнен басқа бір жанға  
Тегіннен олжа болмасқа.  
Үшінші тілек тілеңіз:  
Желкілдеген ту келіп,  
Жер қайысқан қол келіп,  
Сонаң да сасып тұрмасқа.  
Төртінші тілек тілеңіз:  
Омыртқасы үзіліп,  
Аязды күнде айналған,  
Бұлтты күнде толғанған,

Тар құрсағын кеңіткен,  
Тас емшегін жібіткен  
Анаң бір аңырап қалмасқа...  
Айналасын жер тұтқан  
Айды батпас демеңіз  
Айнала ішсе таусылмас,  
Көл суалмас демеңіз.  
Құрсағы құшақ байлардан  
Дәулет таймас демеңіз.

Қурай бітпес құба жон  
Құлан жортпас демеңіз.  
Құландар ойнар қу тақыр  
Көлшік болмас демеңіз.  
Құрсағы жуан биелер  
Құлын салмас демеңіз.  
Құлық туған құлаша  
Құрсақтанбас демеңіз.

Құбылып тұрған бәйшешек  
Қурай болар солған соң.  
Хандар киген қамқа тон  
Шүберек болар тозған соң.  
Еңсесі биік кең сарай  
Кемтік болар өлген соң...

### БҰҚАР ЖЫРАУ

Бұқар жырау Абылай ханның заманында ханның бірінші жыршы, шешен, ақылшысы болған.

Бұқар жыраудың туы — Арғын (Арғынның Сүйіндігі). Осы күні Бұқар жыраудың моласы Баянаулында, Далба тауының ішінде.

Бұқар жыраудың бір мәжілісте Абылай ханға айтқан жыры:

— Ей-й Абылай, Абылай,  
Сені мен көргенде,  
Тұрымтайдай ұл едің,  
Түркістанда жүр еді,  
Әбілмәмбет хандарға  
Қызметші болып тұр едің  
Сен қай жерде жүріп жеттіктің?!  
Үйсін Төле бидің  
Түйесің баққан құл едің.  
Жиырма жасқа жеткен соң  
Дәулет құсы қонды басыңа,  
Қыдыр келді қасыңа,  
Бақ үйіне түнедің,  
Ақ сұңқар құстай түледің,  
Алыстан тоят тіледің,  
Қылышыңды тасқа біледің.

Он сан Алаш баласын  
Жусатып қойдай өргізіп,  
Жұмсап тұрсың қолыңнан.

Ашуланба, Абылай!  
Көтерермін, көнермін,  
Көтеріп қазына салармын.  
Өтіңменен жарылма,  
Өкпеңменен қабынба,  
Орыспенен соғысып,  
Басына моншақ көтерген  
Жұртыңа жаулық сағынба.  
Күнде мендей сөйлейтін  
Тоқсан үште  
Енді саған табылмас.

Керей, қайда барасың,  
Сырдың бойын көбелеп.  
Сен қашсаң да мен қойман,  
Арғымағым жебелеп.  
Енді алдыңнан шығайын,  
Жауған күндей себелеп.

Мен Арғын деген арыспын,  
Ауызы кере қарыспын,  
Сен бұзау терісі шөншіксің,  
Мен өгіз терісі талыспын.

Абылай алдында бітпесең,  
Атасын білмес алыспын.  
Көшің кетер бір жаққа,  
Малың кетер бір жаққа.

Жар басына қонарсың,  
Жарты лашық тігерсің.  
Ауызыңнан ас кетер,  
Қара көзден жас кетер,  
Бұл қылығың қоймасаң,  
Сонау кеудедегі  
Дулығадай бас кетер...

Бұқар бір мәжілісте отырғанда  
Абылай хан одан:

— Қазына қайда? — деп сұрапты.  
Бұқар жырау әр уақытта Абылай ханмен әңгімелескенде Абылайшам, Абылайша дейді екен.

— Абылайша, біз сөзден қалдық қой, өзің-ақ айтсаңшы, — депті. Сонда Абылай:

— Қазына дегеніңіз — ірі бай, қазыналы үлкен шаһар, — депті Бұқар жырау:

— Е-е-е, сен білмедің, қазына ол емес қой. Бай үш жұтаса, қазына қалмайды, үш шабылса, шаһарда, ондағы патшада қазына қалмайды. Қазына дегенің басы жеткен жігітте. Оның екі езуі қазына, бір езуі — алтын, бір езуі — күміс, аузы — қазына емес пе? — деп жауап беріпті...

Тағы бірде сейілге шығып, жүріп бара жатқан кездерінде, аспанмен тілдескен сырлы бір күмбезге келіп, қасындағы үш жүз адамымен бірге бата оқып, Абылайдың екі көзінен жас ағып тұрыпты. Сонда арт жақтарынан келіп жеткен Бұқар жырау жиылған жұртқа, Абылайға қарап:

— Е-е-е, неге жүрмей тұрсыңдар? Абылайшам, неге жылап тұрсың? Бұл кім еді? Қай ханның әулеті еді? Шыңғыс хан ба? Жолбарысхан ба? Қай жұртыңыз еді? — деп сұрапты. Сонда Абылай хан:

— Бұл ешбір ханның тұқымы емес. Садыр Бұғабай деген осы. Бай Бұғыбай десең, бай Бұғыбай еді. Би Бұғыбай десең би Бұғыбай еді. Ақылы көп Бұғыбай десең, ақылы көп Бұғыбай еді. Адамның айтайын деп келген сөзін ақылмен білген Бұғыбай еді. Шіркіннің даусы-ай, мұның көркі-ай десеңші! Қайран сабаз-ай, алтын-күміс Бұғыбайдың он бір қатыны бар еді, он бірі де түлкінің күшігіндей еді. Сол он бірінен де бала болмады, баласыз кетті. Он бірі он өзенде отырушы еді, қатын басы бір-бір үйі бар еді. Он бір мың жылқысы бар еді. Осыған қарамаған дүние маған қарай ма?! Бұған жыламай кімге жылайын?! — депті. Сонда Бұқар жырау:

— Абылай, сені хан қойып жүрген үш жүздің баласының ақылы кеткен екен ғой. Жоғарғыны төмен, төменгіні жоғары алып кеткен құдайдың құдыретін білмей жылап тұрғаның не болғаның?!

Ай, Абылай, сен он бір жасыңда, Әншейін-ақ ұл едің.

Он бес жасқа келгенде Арқада Әбілмәмбет төренің Түйесін баққан құл едің.

Абылай атың жоқ еді, Сабалақ атымен жүр едің, Онда көрген жерім бар. Жиырма жасқа келгенде, Жаныс Қартайдың қолында Түнде туған ұл едің.

Жиырма беске келгенде Бақты берді басыңа, Тақты берді астыңа.

Отыз жасқа келгенде, Дүниедей кең едің.

Отыз бес жасқа келгенде, Қара судың бетінде, Сығылып аққан сең едің.

Қырық жасқа келгенде, Алтынды тонның жеңі едің.

Қырық беске келгенде, Жақсы-жаман демедің.

Елу жасқа келгенде, Үш жүздің баласының

Атының басын бір кезеңге теңедің Елу бес жасқа келіпсің,

Елу бес жасқа келгенде, Жақсы болсаң толарсың,

Жаман болсаң маужырап барып соларсың.

Алпыс бес жасқа келгенде, Өрбір хатқа қонарсың.

Жұмсасаң бала тіл алмас, Қатының қарсы шауып ұялмас,

Еріншек күнің сол болар, Еңкейіп орақ орағарға,

Тоңқайып масақ терерге... Жетпіс бес жасқа келгенде,

Жетпіс бес деген жыл екен, Шал ауырып пір екен...

Жетпіс бес жасқа келгенде, Жылуы болмас қойынның,

Қаруы болмас сойылдың, Өлмесең де жойылдың,

Өр атаққа қойылдың Сексен бес деген сыр екен,

Шындап ұрған пір екен... Сексен бес жасқа келгенде,

Екі қара көзді алар, Аузыңдағы сөзді алар,

Бойыңдағы безді алар, Бетіңдегі нұрды алар,

Бойыңдағы шырды алар, Аузыңдағы тісті алар,

Бетіңдегі түсті алар, Қолыңдағы істі алар,

Өлмегенде нең қалар...

Тоқсан бес деген тор екен,  
 Дүйім жанның қоры екен,  
 Қарғиын десең екі жағы ор екен,  
 Найза бойы жар екен,  
 Түсіп кетсең түбіне,  
 Түбі жоқ терең көл екен,  
 Ел қонбайтын шөл екен,  
 Келмейтұғын неме екен...  
 Атан болған жиырма бес,  
 Төстен қашқан түлкідей  
 Сылаңдатқан жиырма бес,  
 Күлдір-күлдір кісінетіп,  
 Күреңді мінген жиырма бес,  
 Күрек тісін қасқайтып,  
 Сұлуды құшқан жиырма бес,  
 Іздесең де табылмас,  
 Кәрілік шіркін не қылмас.  
 Аяғынды баса алмай,  
 Келін бала келгенде,  
 Аузыңды аша алмай,  
 Уақыттың ісі қиын-ды,  
 Уақытымыз жеткен соң,  
 Айтып-айтпай немене,  
 Мезгіліміз өткен соң?!  
 Жайнап жүрген заманым  
 Басымнан бүйтіп көшкен соң!  
 Уақытым жоқ, не айтайын,  
 Уақытымның өткені,  
 Мезгілімнің жеткені!  
 Қатты тамақ шайнарға  
 Мен пақырда тіс бар ма?  
 Арыстанша ақыруға  
 Бәденімде күш бар ма?  
 Құбылып шыққан бәйшешек  
 Құрай болар солғанда.  
 Ақиық бүркіт төмендер  
 Екі қанат талғанда.  
 Сөге көрме, Абылайым,  
 Мен пақырда сын бар ма?!  
 Уақытым мұндай болғанда,  
 Уақытым кетті басымнан.  
 Хан Абылай атанып,  
 Жап шықтың жасыңнан,  
 Майман асың болғанда,  
 Уақытыңыз толғанда,  
 Қарашаң қашар қасыңнан...  
 Ханның жақсы болмағы:  
 Қарашаның елдігі,  
 Қараша халқы сыйласа,  
 Алтыннан болар белдігі.  
 Жақсы жігіт ұл туса,  
 Патшадан болмас кемдігі.  
 Айтсам сөзім таусылмас,  
 Тоқталсын сөзім ендігі...

Абылай қалмақтың ханы Қалдар-  
 ды жеңгенде Бұқар жыраудың айт-  
 қаны:

— Қалдарменен ұрысып,  
 Жеті күндей сүрісіп,  
 Сондағы жолдас адамдар:  
 Қаракерей қабанбай,  
 Қанжығалы Бөгенбай,  
 Шақшақұлы Жәнібек,  
 Сіргелі Қара Төлек,  
 Қарақалпақ Қылышбек,  
 Текеден шыққан Сатай бөлек,  
 Шапырашты Наурызбай,  
 Қаумен, Дәлет, Жепек батыр  
 қасында,

Бақ — дәулеті басында,  
 Сеңкібай мен Шойбек бар,  
 Таңсыққожа Мәмбет бар,  
 Қасқараудан Молдабай,  
 Қатарда жақсы қалдырмай,  
 Есенқұл батыр ішінде,  
 Өңкей батыр жиылып,  
 Абылай салды жарлықты.  
 Қалдар ханды қашырып,  
 Шеп салған жерді бұздырып,  
 Ұрыстықатты қыздырып.  
 Қасым ханның шешесін  
 Хан Абылай алған-ды...  
 Жабы деген қалмаққа  
 Тырнағын қатты батырды.  
 Бұзылып қалмақ кеткен соң,  
 Өңкей батыр жиыл, деп,  
 — Хан Абылай шақырды!  
 Бір төбеге жиылды,  
 Құм төбедей үйілді,  
 Бөліске олжа түссін деп,  
 Хан Абылай бұйырды.

Сол жолы қалмақтан үш әйел ол-  
 жаға түскен екен. Қалдар ханның  
 өз қызын Абылай ханның өзі алып,  
 Қалдар ханның қатынын көпшілік  
 біріне-бірі қимай, талас болып, ақы-  
 ры ханға жүгініске барыпты. Сонда  
 хан:

— Қай өнерің асып, киіктің жеті  
 лағын бірден атып жыққандарыңа  
 беремін, — депті. Сол қолдың ішін-  
 де Тигенбай деген асқан мерген бар  
 екен, сол жеті лақты бір атқаннан  
 жығып, ханның алдына тарту қылып  
 алып келген екен. Хан сол жерде  
 Қалдар ханның қатынын Тигенбай  
 мергенге беріпті.

Қалдар ханның қызын өзі алып,  
 онан Саржан төре туған екен, бала-  
 ның атын Саржан қойыпты. Сонда-  
 ғы Бұқар жыраудың Абылай ханға  
 айтқан сөзі:

— Басыңа біткен күйіңіз,  
Қутты болсын ұлыңыз!  
Хан Абылай атандың,  
Дүниеден шықпай мініңіз.  
Алтын тақтың үстінде,  
Үш жүздің басын құрадың.  
Жетім менен жесірге  
Ешбір жаман қылмадың.  
Әділетпен жүрдіңіз,  
Әдепті іске кірдіңіз,  
Арманың бар ма, Хан ием?!  
Мәртебелі төбеге  
Жауыңды алып жайладың  
Жеті күн кіріп ұрысқа,  
Өлімге басты байладың,  
Айтар сөзім осы дүр!  
Ақылың бар хан едің,  
Мұның түбін ойлағын...

### **ҚАРҚАРАЛЫ ДЕГЕН ТАУЛАРҒА...**

Ресей империясының XVIII ғасырдағы жаулап алушылық әрекеттерін әшкерелеуші айғақтардың негізгілерінің бірі ретінде қабылдауға болатын бұл ащы толғаудың да өзіндік тарихы бар деуге болар еді. Белгілі жазушы-ғалым Мұқтар Мағауиннің мәлімдеуінше, ұлы жыраудың бұл толғауы 1970 жылы «Жазушы» баспасынан өзінің құрастыруымен шыққан «Алдаспан» атты жинақта жарияланбақ болыпты. Алайда әлдекімдердің «саяси қырағылығы» арқасында бұл өлең «Алдаспанның» дайын тұрған нұсқасынан жыртылып тастапты («қырағы көздері» көп ол заманда мұндай «әшкерелеуші» өлеңдердің басқаша тағдырға ие болуы да мүмкін емес еді ғой!). Енді сол толғаумен танысудың кезі келген сияқты. Өлеңге тақырыпты соның ішіндегі сөздерден алып қойған біздер, журнал шығарушылары.

— Мұсылманның баласы,  
Сірә, бір кеңес құрыңыз,

Бір ауызды болыңыз,  
Қалған елді тастаңыз,  
Бөтен елмен үйір боп,  
Іргеңізді қоспаңыз.  
Кәуір алмас демеңіз,  
Наны қатты, жемеңіз,  
Зәбірі қатты бұл кәуір  
Алмай қоймас демеңіз.  
Көкшетауға салдырған  
Қара үңгір жолдары,  
Сабан таудан жиылып,  
Бес сан болды қолдары.  
Өзің қонған Көкшетау  
Кәуір қала салды, ойла.  
Жарқайың деген жерлерге  
Шашылып шеті барды, ойла.  
Атбасар мен Қалқұтан  
Балығы тәтті су еді,  
Өне бойын шандып ап,  
Сүзекісін салды, ойла.  
Қарқаралы деген тауларға  
Қарқарасын шанышты, ойла.  
Бетеге мен көденің  
Берекесі қашты, ойла.  
Көкмұрын деген жерлерге  
Қыстауын сонан тікті, ойла.  
Жылқының суат суына  
Шошқасын әкеп төкті, ойла.  
Ұлытау шеті Созақтан,  
Созақтан бергі жерлерден  
Көкорай шалғын көре алмай,  
Шұбырып қазақ кетті, ойла.  
Нұрада бар Ақмола,  
Есілде бар Қараөткел,  
Екі өткелдің аузынан  
Тас қорғанды салды, ойла.  
Баян-Аула, Қызыл тау  
Оны да кәуір алды, ойла.  
Шүршітпенен құлақтас,  
Қырғызбенен жұбаттас,  
Ортасында ұйығып,  
Кетпейін десе, алды-артын  
Қоршап алған кәуір бар,  
Ұйлыққанқойдай қамалып,  
Бүйірінен шаншу қадалып,  
Сорлы қазақ қалды, ойла!

*Сырбаз Сәкендей дананың дарынды елеп-екшеуінен өтіп, «Қазақ тың ескі әдебиет нұсқаларына» атты бірегей жинаққа енген Бұқар жырау Қалқаманұлының аса мол туындыларының ішінен алынған толғаулары мен оларға байланысты айтылған шағын әңгімелерін, осы жарияланымның басында ескерткеніміздей, ешқандай өзгеріс жасамастан, қысқартып-қоспастан, сол осыдан алпыс жылдан астам бұрын Сәкеннің тәберік қолынан шыққан қалпында ұсынып отырмыз. Одан кейінгі басылымдарда Бұқар жырау туындылары әлденеше қолдардан өтті, әрине... Олардың ішінде ұлы жыраудың толғауларын орынсыз түзеп-күзегендері де, «заман талабына» қарай үзіп-жұлқығандары да болды. Мақсатымыз: есті оқушыларымыз солардағы алып-қосулардың пайдазиянын өзіндік талдау-талғамнан өткізіп, өзінше ой қорытып көрсін деген ой-ниет қой.*

Жарияланымды қазіргі әріпке түсіріп, баспаға дайындаған, алғы-соңғы сөздерін жазған зерттеуші-ғалым.

Рамазан САҒЫМБЕКҰЛЫ.